




БИБЛИОГРАФИЯ УЧЕНЫХ КАЗАХСТАНА



МИНИСТЕРСТВО НАУКИ —
АКАДЕМИЯ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Заки
АХМЕТОВИЧ
АХМЕТОВ



Puentob

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ — ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясына материалдар

Зәки
Ахметұлы
АХМЕТОВ

АЛМАТЫ
«ҒЫЛЫМ»
1998

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ — АКАДЕМИЯ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Материалы к биобиблиографии ученых Казахстана

Заки
АХМЕТОВИЧ
АХМЕТОВ

АЛМАТЫ
«ҒЫЛЫМ»
1998

Бас редактор

Қазақстан Республикасы
Ұлттық ғылым академиясының академигі
А. Қ. Қошанов

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы,
профессор *Ш. Ыбыраев*

Құрастырушылар:

филология ғылымдарының кандидаты
С. С. Қорабаев, Т. В. Вдовухина

Главный редактор

академик Академии наук Республики Казахстан
А. Қ. Қошанов

Ответственный редактор

доктор филологических наук,
профессор *Ш. Ибраев*

Составители:

кандидат филологических наук
С. С. Қорабаев, Т. В. Вдовухина

ISBN 5—628—02297—7

© Қорабаев С. С.,
Вдовухина Т. В.—
составители, 1998

ОҚЫРМАНДАРҒА

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиялық сериясының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының және ҚР ҰҒА Ш. Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер Зәки Ахметұлы Ахметовке арналған.

Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен еңбегін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері және ол туралы әдебиеттер енгізілді.

Көрсеткіш материалы хронологиялық тәртіппен орналасқан, әр жылдың көлемінде әліпби ретімен қазақша, одан кейін орыс, одан әрі басқа тілдерде жарияланған еңбектер беріліп отыр.

Әліпбилік және бірлесіп жазған авторлардың қосылып жазған еңбектерінің хронологиялық көрсеткіштерінде орналасқан жұмыстарының рет санында берілген.

К ЧИТАТЕЛЯМ

Предлагаемый указатель — продолжение серии биобиблиографий ученых Казахстана — посвящен академику Академии наук Республики Казахстан, доктору филологических наук, профессору, лауреату Государственной премии Республики Казахстан и премии им. Ч. Ч. Валиханова АН РК, заслуженному деятелю науки Республики Казахстан Заки Ахметовичу Ахметову.

Биобиблиография включает материалы, характеризующие жизнь и деятельность ученого, перечень его публикаций и литературу о нем. Материал в указателе расположен в хронологическом порядке, в пределах каждого года — по алфавиту: сначала идут работы, опубликованные на казахском языке, затем — на русском.

В алфавитном указателе трудов и именном указателе соавторов ссылки даются на порядковые номера работ, помещенных в хронологическом указателе трудов.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ З. АХМЕТОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ДАТАЛАРЫ

Зәки Ахметұлы Ахметов 1928 жылы мамырдың 4-інде Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының (Айыртау ауылдық кеңесіне қарасты) Ұзынбұлақ ауылында дүниеге келді.

1934—1943 жж. Шығыс Қазақстан облысының Лениногор қаласындағы қазақ орта мектебінде оқыды.

1943—1947 жж. Қазақ мемлекеттік университетінің дайындық курсында оқып, тіл-әдебиет факультетінің журналистика бөлімін бітіреді.

1947—1950 жж. КСРО Ғылым академиясы Шығыстану институтының (Ленинград) аспиранты.

1951 ж. қаңтардың 5-інде (Ленинград мемлекеттік университеті тіл-әдебиет факультетінің ғылыми кеңесінде) «Лермонтов және Абай» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды.

1951—1959 жж. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты әдебиет кафедрасының доценті және Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының аға ғылыми қызметкері.

1959—1975 жж. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының әдебиет кафедрасының меңгерушісі және тіл-әдебиет факультетінің деканы.

1965 ж. ақпанның 2-інде Қазақ КСР Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Тіл білімі институты жанындағы филологиялық ғылымдар бойынша диссертациялар қорғау жөніндегі Біріккен Ғылыми кеңесте филология ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғайды.

1966 ж. КСРО Жоғары аттестациялық комиссиясының шешімімен профессор ғылыми атағы берілді.

1969 ж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен наградталды.

1975 ж. Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды.

1975—1981 жж. Қазақ КСР Ғылым академиясы М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты директорының орынбасары және директоры.

1976—1984 жж. Қазақ КСР Ғылым академиясының Қоғамдық ғылымдар бөлімшесінің академик-хатшысы.

1978 ж. Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген ғылым қайраткері атағы берілді.

1980 ж. ҚР ҰҒА І-ші дәрежелі Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығы берілді.

1983 ж. Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі болып сайланды.

1984—1986 жж. Қазақ КСР Ғылым академиясының вице-президенті.

1985 ж. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды.

1986 жылдан осы күнге дейін Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясы М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарып келеді.

1995 ж. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді.

ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АКАДЕМИКА АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН З. А. АХМЕТОВА

Заки Ахметович Ахметов родился 4 мая 1928 г. в Уланском районе (Аиртауский сельсовет) Восточно-Казахстанской области.

1934—1943 гг. Учился в казахской средней школе г. Лениногорска Восточно-Казахстанской области.

1943—1947 гг. Учился на подготовительных курсах и на отделении журналистики филологического факультета Казахского государственного университета.

1947—1950 гг. Аспирант Института востоковедения Академии наук СССР (Ленинград).

1951 г. 5 января защитил кандидатскую диссертацию на тему «Лермонтов и Абай» (на Ученом совете филологического факультета Ленинградского государственного университета).

1951—1959 гг. Доцент кафедры литературы Казахского государственного женского педагогического института и старший научный сотрудник Института языка и литературы Академии наук Казахской ССР.

1959—1975 гг. Заведующий кафедрой литературы и декан филологического факультета Казахского государственного женского педагогического института.

1965 г. 2 февраля защитил диссертацию на соискание степени доктора филологических наук на Объединенном Ученом совете по защите диссертаций по филологическим наукам (при Институте литературы и искусства и Институте языкознания Академии наук Казахской ССР).

1966 г. Утвержден ВАК СССР в ученом звании профессора.

1969 г. Награжден Почетной грамотой Верховного Совета Казахской ССР.

1975 г. Избран членом-корреспондентом Академии наук Казахской ССР.

1975—1981 гг. Заместитель директора, затем директор Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова Академии наук Казахской ССР.

1976—1984 гг. Академик-секретарь Отделения общественных наук Академии наук Казахской ССР.

1978 г. Присвоено звание заслуженного деятеля науки Казахской ССР.

1980 г. Удостоен премии им. Ч. Валиханова АН Казахской ССР I степени.

1983 г. Избран академиком Академии наук Казахской ССР.

1984—1986 гг. Вице-президент Академии наук Казахской ССР.

1985 г. Избран депутатом Верховного Совета Казахской ССР.

С 1986 г. по настоящее время. Заведующий Отделом теории литературы и методологии литературоведения Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова Академии наук Республики Казахстан.

1995 г. Удостоен Государственной премии Республики Казахстан.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
АКАДЕМИГІ З. А. АХМЕТОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ,
ПЕДАГОГТИК ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚЫСҚАША ОЧЕРКІ**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, филология ғылымының докторы, профессор Зәки Ахметұлы Ахметовтың — қазақтың көрнекті әдебиеттанушы-ғалымы мен әдебиет теориясының есімі елімізде және шет елдерде кеңінен мәлім. Ол жазған іргелі еңбектер әдебиеттану ғылымының, Абайтанудың, қазақ әдебиетінің теориясы мен тарихы мәселелерін кеңінен қамтиды. Оның қаламынан шыққан монографиялар мен кітаптар әдебиет теориясы мен әдебиеттану методологиясын жасауға қосылған үлкен үлес болып табылады. Ғалым ұлттық әдебиеттану ғылымында алғаш рет қазақ өлеңінің тарихи дамуындағы өзгешеліктері мен құрылымын зерттеудің ғылыми жүйесін жасап берді.

Ірі ғалымның өмір жолы, ғылыми және профессорлық-оқытушылық қызметі еліміз тарихымен тығыз байланысты. Зәки Ахметұлы Ахметов 1928 жылы 4 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының табиғаты әсем Айыртау тауының бөктерінде орналасқан Ұзынбұлақ аулында дүниеге келді.

Бала күнінен зерек болып өскен қабілетті жас 1943 жылы Алматыға келіп, Қазақ мемлекеттік университетінің дайындық курсында оқиды. 1947 жылы осы іргелі оқу орнының тіл-әдебиет факультетін (журналистика бөлімін) бітіре салысымен ҚСРО Ғылым академиясының Ленинградтағы Шығыстану институтының аспирантурасына қабылданады. Ғылыми кадрлардың талай тамаша буынын тәрбиелеп шығарған ол осы қалада 1951 жылы «Лермонтов және Абай» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды.

1951—1975 жылдары Қазақ КСР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының ғылыми қызметкері бола жүріп, педагогикалық қызметті қоса ұштастырады: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының әдебиет кафедрасының меңгерушісі, филология факультетінің деканы қызметтерін атқарады.

1965 жылы «Қазақ өлеңінің құрылысы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғайды. 1966 ж. оған профессор атағы беріледі.

1975 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланып, сол жылдан бастап 1981 жылға дейін Қазақ КСР Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты директорының орынбасары және директоры, 1975 жылдың сәуірінен 1984 жылдың наурызына дейін республика Ғылым академиясының Қоғамдық ғылымдар бөлімінің академик-хатшысы болып қызмет етеді. 1983 жылы Қазақстан Ғылым академиясының академигі болып сайланады. 1984—1986 жылдары — Қазақ КСР Ғылым академиясының вице-президенті, 1986 жылы маусымда академияның М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында әдебиет теориясы мен әдебиеттану методологиясы бөлімін ашып, үздіксіз басқарып келеді. 1978 жылы оған республиканың еңбек сіңірген ғылым қайраткері атағы берілді. Ол халық сеніміне ие болып, 1985 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Жемісті ғылыми еңбегі үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен (1969) және «Ерлік еңбегі үшін, В. И. Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне» медалімен (1970) наградталған.

«Қазақ әдебиетінің қазіргі дамуы мен дәсүрлері» атты монографиясы үшін оған 1980 жылы республика Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы I-ші дәрежелі сыйлығы берілді.

Абайдың шығармашылық мұрасын басып шығару мен ғылыми зерттеудегі еңбектері үшін З. А. Ахметов 1996 жылы әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты жоғары атағына ие болды.

З. А. Ахметов ғылымның тамаша ұйымдастырушысы ретінде де танылып, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының Төралқа мүшесі (1976—1986), ҚР ҰҒА М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты жанындағы диссертациялар қорғау жөніндегі мамандандырылған кеңес төрағасы (1981—1990) болды.

З. А. Ахметов еліміздің қоғамдық өміріне белсене атсалысты, шет елдермен достық және мәдени байланыс жөніндегі қазақ қоғамының, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комитетінің, Кеңес бейбітшілік қорғау комитетінің (1985—1990), «Отан» қоғамы басқармасының, республикалық «Білім» қоғамы басқармасының мүшесі болды, «Қазақ КСР Ғылым академиясының хабаршысы» журналының редакциялық алқа мүшесі, «Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының хабарлары, Тіл, әдебиет сериясы» журналының бас редакторы қоғамдық міндеттерін атқарды. Қазір З. А. Ахметов — Ұлттық Ғылым академиясының Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімінің бюро мүшесі, М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының, Әл Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің, Қырғыз мемлекеттік университетінің диссертациялық кеңестерінің мүшесі.

З. А. Ахметов — Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің құрметті профессоры (1993), Халықаралық қоғамдық Айтматов академиясының академигі (1996).

З. А. Ахметов отандық ғылымның әдебиет теориясы саласындағы ірі маманы ретінде қазіргі әдебиеттанудың дәстүр және жаңашылдық, қазақ ақындарының көркемдік шеберлігі, поэтика, қазақ әдебиетінің басқа халықтар әдебиеттерімен өзара байланыстары сияқты көкейкесті мәселелерін тиянақты түрде зерттеп келеді. Оның абайтану, өлең теориясы мен поэтика, әуезовтану саласындағы еңбектерінің мәртебесі биік. Ол қазақ және орыс тілдерін бірдей жетік біле отырып, осы екі тілде зерттеулерін жазып, дәрістер оқиды.

З. А. Ахметов М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындаған көптомдық қазақ әдебиетінің тарихын, орыс тіліндегі үш томдық қазақ әдебиетінің тарихын, сондай-ақ, «Дүние жүзі әдебиетінің» қазақ әдебиетіне арналған 7-ші томын (Москва, 1991) жазуға қатысты. Ол — 11 монографияның авторы және 15-тен астам ұжымдық еңбектердің, оқулықтар мен оқу құралдарының авторларының бірі.

З. А. Ахметов білікті ұстаз ретінде педагог және ғылыми кадрларды даярлау ісінде елеулі еңбек сіңіріп, жас ғалымдар жұмысына басшылық етіп келеді. Оның жетекшілігімен 17 адам докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғады.

Академик-ғалымның еңбектері «Советское литературоведение за 50 лет» (Л., Наука, 1968), «Очерки истории казахской советской литературы» (М., АН СССР, 1969), «История

қазақской советской литературы» (А.-А., 1970) кітаптарында, «Вопросы языкознания» (№ 3, 1969), «Советская тюркология» (№ 4, 1974) журналдарында және т. б. еңбектерде атап өтілді.

Әр жылдары З. Ахметов еңбектері туралы академик-жазушылар М. О. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, З. Қабдолов, академиктер С. Кеңесбаев, М. С. Сильченко, Қ. Жұмалиев, С. С. Қирабаев, көрнекті ғалымдар Ә. Ж. Дербісәлин, Р. Бердібай, С. А. Қасқабасов, С. Негимов, Ө. Айтбаев және т. б. ғалымдар өз лебіздерін білдіріп, пікірлерін жазды, сондай-ақ ленинградтық ғалымдар, академик В. М. Жирмунский, П. Н. Берков, В. А. Мануйлов, москвалық әдебиеттанушы-ғалымдар Г. И. Ломидзе, З. С. Кедрин, Б. П. Гончаров, В. В. Кожин және т. б. ғалым еңбектеріне жоғары баға берді. З. Ахметов еңбектері Москва, Санкт-Петербург, Ереван, Минск, Кишинев, Баку, Ташкент, Бішкек қалаларында, Қытай, Түркия елдерінде жарық көрді.

З. Ахметовтың «Өлең сөздің теориясы» атты кітабы 1992 жылы Қытай Халық Республикасының Шыңжан Ұйғыр автономиялық районының Іле халық баспасында жарық көрді.

Өзінің көкейкестілігі мен ғылыми құндылығы жағынан З. Ахметовтың монографиялық еңбектері мен проблемалық зерттеулерінің әдебиеттану ғылымы үшін үлкен мәні бар. Себебі бұл еңбектердің негізгі идеялары автордың тарихи-әдеби процесс туралы, әлеуметтік, адамгершілік, көркемдік және эстетикалық мұраттар туралы қазіргі түсініктерге сәйкес келетін жаңа қорытындылары мен талдауларын қамтиды.

«Лермонтов және Абай» кітабы 1954 жылы басылып шығып, З. Ахметов ғылыми жұртшылыққа талантты әдебиеттанушы, зерттеуші ретінде кеңінен танылды. Кітапта Абайдың орыс классиктерінің шығармаларын, әсіресе Лермонтов туындыларын творчестволық тұрғыда қабылдау процестері терең зерттеліп, алғаш рет Абай аудармаларының өрісі нақтылы сипатталды, белгісіз болып келген түпнұсқалары айқындалып, орнықты талданды.

З. Ахметовтың «Қазақ өлеңінің құрылысы» (1964) атты монографиясы қазақ әдебиеттануында бай тарихи-теориялық материал негізінде қазақ өлеңі құрылысының заңдылықтарын ашып көрсеткен шын мәніндегі алғашқы, тіпті бүгінге дейін бірден-бір іргелі ғылыми еңбек болып саналады және бұл зерттеуде тұңғыш рет қазақ өлеңінің дәлелді ғылыми теориясы жасалған.

Монографияда қазақ өлеңінің ритмикалық құрылысы егжей-тегжейлі қарастырылып, ұлттық тіл құрылымымен тығыз байланысты маңызды ерекшеліктері анықталған. Ғалым жаңа дәуірдің нәтижесі болып табылған және халықтың мәдени, ақыл-ой дүниетанымындағы өзгерістермен ерекшеленген қазақ өлең құрылысының өрістеу процесін, қазақ өлеңі құрылысындағы үлкен өзгерістерді зерттеп талдайды. Бұл кітап автордың ақындық өнер табиғатын, өлең заңдылығын терең танумен бірге қазақ тілінің ритмикалық және фонетикалық құрылымын жете білетіндігін де айқын дәлелдейді. Сонымен қатар осы ғылыми еңбектегі орыс және қазақ өлеңін салыстырмалы талдау үлгілері де назар аударарлық.

«Қазақ поэзиясының тілі туралы» (1970) және «Өлең сөздің теориясы» (1973) кітаптарында ғалым қазақ поэзиясы тілінің ерекшеліктері мен заңдылықтарын, көрнекті ақындар тілінің ерекшелігін, сондай-ақ, қазақ өлеңінің ритмикалық және синтаксистік құрылымының даму кезеңдерінің заңдылықтарын зерттеуді мақсат етіп қойды. Осы міндетке орай бұл еңбектерде ауызша және жазба әдебиеттің, қазіргі поэзияның тіл өзгешеліктері қарастырылып, қазақ поэзиясының ғасырлар бойы қалыптасқан және одан әрі дами түскен бейнелі сөз құралдары сипатталған. Халықтың тарихи өмірінің өзгешелігінен туындайтын поэтикалық тіл ерекшеліктерін айқындай келіп, З. Ахметов өте бағалы пайымдаулар мен қорытындылар жасайды. «Қоғамдық құрылыс халықтың өмір-тұрмысы, шаруашылығы, әдет-ғұрпы, дүние танымы, философиясы, эстетикасы — осының бәрі поэзияның мазмұнынан ғана көрініп қоймайды, сонымен бірге бұлар поэзияның, әдебиеттің көптеген көркемдік ерекшеліктерінің, тілдегі суреттеу, бейнелеу тәсілдерінің, сөз кестесіндегі әртүрлі өзгешеліктердің дамуына әсер етеді» деп атап көрсетеді автор. Зерттеулерде сонымен бірге көшпелі өмір мен тұрмыс ерекшеліктеріне, үй жануарларын асырауға байланысты, дала табиғатына байланысты және мифологиядан алынған түрлі көркем-поэтикалық салыстырулар туралы айтылады. Автор көптеген мысалдар арқылы поэтикалық тілдің жаңа образдармен және символдармен байып толыққандығын дәлелдеп көрсетеді. Талдауға белгілі ақындар шығармаларын мысал ретінде ала отырып, ғасырлар бойы қалыптасқан бейнелі — сөз құралдарының қазіргі поэзияны байытуға негіз болатындығын және дағдылы бейнелеу құралдарының жаңа мазмұнды білдіру үшін қолданылатындығын зерделейді. Осы ретте жаңа поэтикалық құралдар, бейнелеу

құралдарын пайдаланудың принциптерін поэтикалық тілде бекіту жайы қарастырылады. Сонымен қатар қазіргі дәуірде қазақ өлең жүйесіне енгізілген жаңалықтарға ерекше мән берілген.

Әдебиеттің көрнекті өкілдерінің өлең тіліндегі жаңашылдық ізденістері әр қырынан қарастырылады. Әсіресе, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров шығармаларындағы өлең өлшемдерін, шумақ, ұйқас түрлерін қолданудағы жаңалық нышандары толық көрсетілген. С. Мұқанов, Ә. Тәжібаев, Ж. Молдағалиев, О. Сүлейменов секілді ақындардың поэзия тілінің бейнелеу құралдарын пайдаланудағы шеберлігі арнайы сөз болған.

«Қазақ әдебиетінің қазіргі дамуы мен дәстүрлері» атты монографиясында (1978) Абайдың идеялық-көркемдік ізденістерін ұлы ойшыл-ақынның творчестволық тұлғасының қалыптасып дамуындағы ұлттық дәстүрлер мен көркемдік жаңашылдықтың сабақтастық-жалғастығын толық ескере отырып, Қазақстандағы әдеби процестің дамуының кең тұрғыдағы контекстінде көрсетеді.

Кітапта ұлы ақынның А. Пушкинмен, М. Лермонтовпен және И. Тургеневпен рухани байланысы, үндестігі туралы деректердің келтірілуі зерттеу құндылығын арттыра түскен. Ғалым Абай аудармаларының идеялық-көркемдік сапасын таразылау мақсатында ұлы ақынның аудармаларын Пушкин мен Лермонтов өлеңдерімен салыстыру арқылы аударма мен түпнұсқадағы алшақтық пен жақындық ерекшеліктерін анықтап, орыс классикалық әдебиеті мен қазақ әдебиеті арасында қандай творчестволық жалғастық болғанын нақтылы дәлелдеп көрсетеді.

Монографияның негізгі бөлімінде қазіргі қазақ әдебиетінің көкейкесті мәселелері сөз етіліп, ұлт әдебиеттерінің өзара байланысы мен ықпалдастығы кең тұрғыдағы контекстінде қарастырылады. Кітапта тақырып түбегейлілігімен және ауқымдылығымен, идеялық мазмұнының тереңдігімен ерекшеленетін ең мәнді деген шығармаларға баса назар аударылған.

«Абайдың ақындық әлемі» (1995) кітабында поэзияны, сөз өнерін қазіргі заман деңгейінде түсіну тұрғысынан Абайдың ақындық тұлғасының өзгешелігін ашып көрсету міндеті қойылған. Абай шығармаларын жүйелі түрде қарастырып, талдай отырып, ғалым ақынның ұлттық көркемдік эстетикалық дәстүрлермен тығыз байланысын, әрі оның жаңашылдығын, орыс классикалық және әлем әдебиеті жетістіктерін жете игеруін қиюын қиыстырып көрсетеді. Абай поэзиясын сол кездегі қа-

зақ қоғамының мұны мен арман-тілегі ретінде қарастыра келіп, автор ақынның біздің дәуір үшін, жаңа ұрпақ үшін кім екендігіне назар аударады. Ғалымның көп жылдар бойғы ізденістеріне негізделген бұл кітап Абай шығармашылығына байланысты көптеген маңызды мәселелерді қамтып, қазіргі көзқарастар деңгейінде зерделеуімен ерекшеленеді. Монографияда көркемсөз шеберінің, оның талант қырларының қайталанбас өзгешелігін, даралығын ескеруге мүмкіндік беретін эстетикалық категория — ақындық, шығармашылық тұлға мәселесіне ерекше көңіл бөлінген. Кітапта Абайдың — ақын, ойшыл, ағартушы, композитор, жастар ұстазы және қоғам қайраткері ретіндегі сан қырлы талантының астарлы сыры, суреткерлік шеберлігі нанымды да терең ашып көрсетіледі.

Төрт томдық «Абай жолы» роман-эпопеясы поэтикасының көптеген мәселелері Абай шығармашылығының проблемаларымен тығыз байланысты. Мұхтар Әуезов өз шығармасында ұлы ақын-ойшылдың монументтік образын жасап, Абайдың шығармашылық жолын көркемдік тұрғыда саралап берді, оның идеялық, рухани, көркем-эстетикалық ізденістерінің үлкен элеуметтік-тарихи мән-маңызын ашып көрсетті.

«Абай жолы» эпопеясының поэтикасы және оның жазылу тарихы» монографиясында (1984, орыс тілінде) Абай образын көркем бейнелеу мен ұлы ақын-ойшыл өмір сүрген тарихи дәуір принциптері жан-жақты зерттеледі. Бұл іргелі еңбекте «Мұхтар Әуезовтің роман-эпопеясы» (1997, орыс тілінде) атты кітабындағыдай роман көтерген проблемаға, оның жанрлық ерекшеліктеріне, композициялық құрылымы мен образдық жүйесіне, көркем-бейнелеу құралдарына шығарманың мазмұны мен көркем формасын тұтас қарастыра отырып, тыңғылықты сипаттама беріледі.

Поэтика проблемалары шығарманың соңғы баспа мәтіні негізінде ғана қарастырылмай, жазушының шығармашылық лабораториясын сипаттайтын архивтік материалдар: бастапқы нұсқалардың, қолжазба (машинкаға басылған) мәтіндердің, сондай-ақ, жоспар-негіздемелердің талдауға қатыстырылуы бұл жұмыстардың негізгі жаңалығын айқындайды.

Абайдың көптеген шығармаларының жазылу тарихы эпопеяда ақын өмірабянының нақтылы деректері негізінде нанымды ашылғандығын атап өту қажет. Мұның барлығы оның шығармашылық лабораториясы туралы ұғымды байыта түсіп, шығармаларды жазу процесін алдағы уақытта тереңірек зерттеуге жол ашады.

Осы аталған монографиялармен қатар академик-ғалымның абайтану және қазақ әдебиетінің поэтикасы мәселелері бойынша соңғы жылдары жарық көрген басқа да зерттеулері мен ғылыми мақалаларын атап өткен жөн. Бұл ретте, әсіресе ғалымның 1995 жылы жарық көрген Абайдың 2 томдық толық шығармалар жинағының жаңа басылымын дайындап шығаруға қатысуын ерекше айту керек. З. Ахметов — бұл басылымның көлемді кіріспе мақаласының авторы, бірлескен редакторы, құрастырушыларының және түсініктерді жазушыларының бірі. Басылымның ғылыми ақпаратын толықтыратын кіріспе мақалада, түсініктер мен барлық материалдарда абайтану ғылымының қазіргі жайын қамтитын Абай шығармашылығының жаңа тұжырымдамасы-концепциясы жасалған да, жинақтың ғылыми ақпараты бұрынғыға қарағанда анағұрлым толық берілген, тың материалдармен толықтырылған. Түгелдей алғанда, З. Ахметов Абайдың «Толық шығармалар жинағының» әр жылдардағы төрт басылымын (1954, 1957, 1970 және 1995) дайындауға құрастырушылардың және түсініктер авторларының бірі ретінде қатысты.

1994—1995 жж. З. Ахметов Абай шығармашылығы туралы кітаптар мен республикалық журналдарда 10 мақала («Абай және қазіргі заман», 1994, «Ұлылық өнегесі», 1995, «Ақиқат», «Парасат», «Жалын», «Мысль» журналдары және т. б.) жарияласа, ғалымның ұлы ақын туралы көптеген мақалалары «Абай» энциклопедиясында (1995), республикалық «Егемен Қазақстан», «Халық кеңесі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан мұғалімі» және т. б. газеттерде басылып шықты. Сонымен бірге абайтанушы, академик-ғалым Абайдың ақындық шеберлігі мен даналық тағылымы туралы Москвада (14 сәуір 1995 ж.), Санкт-Петербургте (16 сәуір 1995 ж.), Ташкентте (6 маусым 1995 ж.), Киевте (21 қазан 1995 ж.), Семейде (қазан 1994 ж.) ЮНЕСКО шеңберінде өткен ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойына байланысты өткен мәдени шаралар мен ғылыми мәслихаттарда баяндамалар жасады, ал осы үлкен мерекелік оқиғаға байланысты Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы ұйымдастырып өткізген халықаралық конференцияда (8 тамыз 1995 ж.), «Абай және әлем әдебиеті» деген тақырыпта ғылыми баяндама жасады.

Бүкіл дүние жүзі болып тағы да ЮНЕСКО деңгейінде салтанатты түрде атап өтілген ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың туғанына 100 жыл толған 1997 жылы З. Ахметов те ұлы

ұстаз тойына шығармашылық қомақты тартулар жасады: «Мұхтар Әуезовтің роман-эпопеясы» атты монографиясынан басқа ұлы жазушының тұңғыш рет жарық көргелі отырған 50 томдық толық шығармашылық жинағының құрылымы мен принциптері туралы осы басылымның I — томында кіріспе мақаласы, одан басқа «Ұлы жазушы — гуманист» («Мысль» журналы. 1997. № 4), «Абай жолы» — тарихи және көркем шындық» («Заман-Қазақстан», 1 тамыз 1997 ж.), «Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті» («Егемен Қазақстан», 28 қыркүйек 1997 ж.) атты көлемді мақалалары жарияланды.

М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының жазылу тарихы туралы мақаласы 1997 жылы Анкара қаласында шыққан мақалалар жинағында түрік тілінде жарияланды. З. Ахметовтың Мұхтар Әуезов шығармашылығының проблемалары туралы және осы іспеттес Абай туралы жаңа зерттеулері шешілмеген (немесе жеткілікті түрде шешілмей келген) мәселелерді қамтып, оларды әдебиеттану ғылымы мен қоғамдық ойдың қазіргі деңгейіне сәйкес түсінуді тереңдете түсуге ықпал етті де, уақыт талабына толық жауап берді.

1996 ж. З. Ахметовтың тікелей басшылығымен және тікелей қатысуымен жазылып, дайындалған «Әдебиеттану терминдерінің сөздігі» жарық көрді. Авторлары — З. Ахметов, М. Базарбаев, А. Ысмақова, С. Негимов, Т. Шаңбаев т. б. әдебиеттануының ғылыми терминдер жүйесі алғаш рет ғылыми қалыпқа келтіріліп жасалған да, көптеген интернационалдық терминдер, орыс поэтикасының, түркі тілдес халықтар поэзиясының қолданыстағы терминдері қамтылған.

Ғалымның соңғы жылдары жасаған төмендегідей ғылыми баяндамалары мен жарияланған ғылыми мақалаларының мәні зор екендігін атап өткен жөн: 1) М. О. Әуезовтің туғанына 100 жыл толуына арналып Санкт-Петербургте өткізілген салтанатты жиналыста оқыған «Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті» атты баяндамасы (27 сәуір 1997 ж.), 2) «Әдебиеттану терминдерін жетілдіру туралы» мақаласы («Қазақ әдебиеті», 26 қазан 1996 жыл), 3) «Манас» эпосының 1000 жылдығына арналып Бішкек қаласында 1995 ж. 27 тамызда өткізілген халықарылық конференцияда жасаған «Манастың» өлең өрнегі және қазақтың жыр өлшемі» баяндамасы. Баяндама тезистері орыс және ағылшын тілдерінде «Манас эпосы және әлем халықтарының эпикалық мұрасы» кітабында жарияланды (Бішкек, 1995 ж. орыс тілінде — 81—83 б., ағылшын тілінде — 40—42 б.); 4) «Қазақ эпосындағы жыр өлшемі және түркі өлең

жүйесі» мақаласы Түркияның Анкара қаласында шығатын «Діл дергисі» журналында (1994) жарияланды; 5) «Ілияс Жансүгіров поэзиясының стилі мен тілі» мақаласы («Қазақ әдебиеті» 1994—1995 жж.), 6) Міржақып Дулатовтың 2 томдық «Шығармалар жинағына ақын шығармашылығы туралы кіріспе мақала» (А., «Ғылым», 1996).

Бұл ғылыми жарияланымдар мен баяндамаларда поэтика мен әдебиет теориясының бірқатар маңызды мәселелері көтеріледі. Мәселен, «Жыр» атты қазақ эпикалық өлең өлшемі түркі халықтары поэзиясындағы өлең жүйесі мен «Манас» эпосымен байланыста қарастырыла келіп, қазіргі қазақ әдебиеті мен түркі тілдес халықтар әдебиеттерінің көне тамырларын жазба ескерткіштерден ғана емес, ауызша поэзиядан да іздеу қажеттігі туралы маңызды тұжырымдамалық идея ұсынады. Қырғыздың «Манас» эпосында да қолданылатын қазақ халық эпикалық шығармаларының өлең формасы («Жыр») түркі халықтарының поэзиялық шығармашылығындағы өте көне де тума бола отырып, ауызша эпостың түркі халықтарының қазіргі поэзиясы мен әдебиетінің көне қайнар көздерін зерттеуге таптырмайтын құнды деректемелік материал болатындығын байқатады.

Ғалымның әдебиет тарихы мен теориясы, поэтика, өлең жүйесі жөніндегі, абайтану мен әуезовтану проблемалары жөніндегі монографиялары мен басқа да зерттеулері ғылыми теориялық жағынан да, практикалық маңыздылығы жағынан да іргелі ғылыми еңбектер болып табылады. Себебі бұл зерттеулерде алғаш рет қамтылған проблемалар қазір де еліміздің мектептері мен жоғары оқу орындары бағдарламаларында пайдаланылуда.

3. Ахметов қалам тербеген және шешімін тапқан мәселелер жаңашылдығы мен сипаты жағынан, тарихи-теориялық тұрғыдағы ауқымы жағынан бір ұлттық әдебиет пен әдебиеттану шеңберінен асып, еңбектерінің мән-маңызы арта түсуде. Ғалымның соңғы жылдардағы мақалалары мен баяндамаларында қуғын-сүргінге ұшыраған ақындар мен жазушылардың шығармашылық мұрасын бағалауда тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге ерекше көңіл бөлініп келеді.

Академик-ғалымның ғылыми еңбектерінің зерттеу нысаны да ауқымды: ол шығармашылық әдіс пен стиль, дәстүр мен жаңашылдық мәселелерін, дүниетаным мен көркемдік байланысы проблемасын, поэтика, жанр мәселелерін, қазіргі әдебиеттің негізгі даму тенденцияларын зерттейді. Әдебиет ту-

Ғалы ғылым ол үшін — әдеби процесс дамуының заңдарын, қазіргі заманның түбегейлі міндеттерін түсіну құралы өзінің белсенді өмірлік позициясын айқындап, азаматтық парызын орындау жолы. Осы ретте академик З. Ахметовтың ғылыми педагогикалық және қоғамдық қызметі оның отандық әдебиеттану ғылымына үлкен үлес болып қосылған еңбектерінде лайықты көрініс берді.

Зәки Ахметов өзін сегіз қырлы, бір сырлы азамат — ғалым ретінде көрсетіп, ұлттық ғылымның биік мұраттары жолында белсенді еңбек етіп келеді. Бұл жолда ол әдебиеттанушы ғалымдардың жаңа буынын тәрбиелеп, оларды нағыз зерттеушіге тән терең білімділік, ізденімпаздық, ғылымға адалдыққа баулуда. Қандай да даңғойлық пен мансапқорлық атаулыдан, ғылымға бойкүйездікпен қарау әдетінен ада ғалымның жеке адамгершілік қасиеттерінің де игі ықпалы мол. Зиялылық, рухани кеңпейілділік, адамдарға деген ақпейілділік — тамаша ғалым, азамат, қайраткер тұлғасының ерекше қасиеттері.

Б. Б. МАМЫРАЕВ,

филология ғылымдарының кандидаты

КРАТКИЙ ОЧЕРК НАУЧНОЙ, ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ И ОБЩЕСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АКАДЕМИКА АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН З. А. АХМЕТОВА

Имя академика Академии наук Республики Казахстан, лауреата Государственной премии, доктора филологических наук, профессора Заки Ахметовича Ахметова — видного казахского ученого-литературоведа и теоретика литературы — широко известно в нашей стране и за рубежом. Созданные им фундаментальные труды освещают крупнейшие проблемы литературоведческой науки, абаеведения и ауэзоведения, вопросы теории и истории казахской литературы. Принадлежащие перу З. А. Ахметова монографии и книги вносят огромный вклад в разработку теории литературы и методологии литературоведения. Он создал научную систему исследования специфики и структуры казахского стиха в историческом развитии.

Жизненный путь крупного ученого, научная и профессорско-преподавательская деятельность органично вписываются в историю нашей страны.

Заки Ахметович Ахметов родился 4 мая 1928 года в Уланском районе Восточно-Казахстанской области.

В 1943 г. он, пройдя учебу на подготовительных курсах, поступает на филологический факультет (отделение журналистики) Казахского государственного университета. Дальнейшая судьба З. А. Ахметова связана с Ленинградом, где он учится в аспирантуре Института востоковедения АН СССР и в 1951 году блестяще защищает кандидатскую диссертацию на тему «Лермонтов и Абай».

В 1951—1975 гг. З. А. Ахметов — научный сотрудник Института языка и литературы Академии наук КазССР, одновременно ведет педагогическую работу и возглавляет кафедру ли-

тературы Казахского государственного женского педагогического института, являясь деканом филологического факультета этого института.

В 1965 г. З. А. Ахметов защитил докторскую диссертацию на тему «Казахское стихосложение». В 1966 г. ему присвоено звание профессора. После избрания членом-корреспондентом АН Казахской ССР с июня 1975 г. по июль 1981 г. Заки Ахметович работает заместителем директора, а позднее директором Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова Академии наук Казахской ССР, с апреля 1975 г. по март 1984 г. — академик-секретарь Отделения общественных наук АН Казахской ССР. С 29 марта 1984 г. по 6 июня 1986 г. — вице-президент Академии наук Казахской ССР. С 9 июня 1986 г. — зав. Отделом теории литературы и методологии литературоведения Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова. В 1983 году З. А. Ахметов избран академиком Академии наук Казахской ССР, а в 1987 году ему присвоено почетное звание заслуженного деятеля науки республики. Избирался депутатом Верховного Совета Казахской ССР (1985—1986).

З. А. Ахметов награжден Почетной грамотой Верховного Совета Казахской ССР (1969) и медалью «За доблестный труд в ознаменование 100-летия со дня рождения В. И. Ленина» (1970). За монографию «Современное развитие и традиции казахской литературы» в 1980 г. ученый удостоен премии им. Ч. Ч. Валиханова I степени.

За работы по изданию и научному изучению творческого наследия Абая З. А. Ахметов удостоен звания лауреата Государственной премии Республики Казахстан за 1996 год в области литературы, искусства и архитектуры.

З. А. Ахметов проводил значительную научно-организационную работу как член Президиума Академии наук КазССР (1976—1986), был председателем специализированного совета по защите диссертаций при Институте литературы и искусства им. М. О. Ауэзова (1981—1990).

З. А. Ахметов занимался большой общественной работой, будучи членом Президиума Казахского общества дружбы и культурных связей с зарубежными странами, Комитета по государственным премиям Казахстана, Советского комитета защиты мира (1985—1990), правления общества «Родина», правления Республиканского общества «Знание». В настоящее время З. А. Ахметов — член Бюро Отделения общественных и гуманитарных наук Академии наук Республики Казахстан,

член специализированных советов по защите диссертаций Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова, Казахского государственного национального университета им. аль-Фараби, Кыргызского государственного университета.

З. А. Ахметов — почетный профессор Восточно-Казахстанского университета (1993), академик Международной общественной Айтматовской академии (1996).

Являясь крупным специалистом в области теории литературы, З. Ахметов разрабатывает такие актуальные проблемы современного литературоведения, как традиция и новаторство, художественное мастерство казахских поэтов, проблемы поэтики, взаимосвязи казахской литературы с литературами других народов. Высок его авторитет в области теории стиха и поэтики, абаеведения, а также ауэзоведения. Одинаково хорошо владея казахским и русским языками, академик пишет свои труды и читает лекции на двух языках.

З. Ахметов участвовал в написании многотомной «Истории казахской литературы с древнейших времен до наших дней», подготовленной Институтом литературы и искусства им. М. О. Ауэзова, трехтомной «Истории казахской литературы» на русском языке, а также книги «Всемирная литература» (М., 1991. Т. 7). Он — автор 11 монографий, один из авторов более 15 коллективных трудов, учебников и учебных пособий.

Заки Ахметович имеет немалые заслуги в деле подготовки педагогических и научных кадров, успешно руководит работой молодых ученых. Под его руководством защитили докторские и кандидатские диссертации 17 чел.

Труды З. Ахметова отмечены в книгах «Советское литературоведение за 50 лет» (Л., «Наука», 1968), «Очерки истории казахской советской литературы» (М., изд. АН СССР, 1969), «История казахской советской литературы» (Алма-Ата, 1970), в журналах «Вопросы языкознания» (М., 1968. № 3), «Советская тюркология» (1974. № 4) и др.

О трудах этого ученого высказывались и писали в разное время писатели-академики М. О. Ауэзов, С. Муканов, Г. М. Мусрепов, З. Кабдолов, академики С. Кенесбаев, М. С. Сильченко, Х. Жумалиев, С. С. Кирабаев, видные ученые А. Ж. Дербисалин, Р. Бердибаев, С. А. Каскабасов, С. Негимов, О. Айтбаев и другие, а также ленинградские ученые академик В. М. Жирмунский, П. Н. Берков, В. А. Мануйлов, московские литераторы Г. И. Ломидзе, З. С. Кедрина, Б. П. Гончаров, В. В. Кожинов и др. Труды З. Ахметова издавались в Москве,

Санкт-Петербурге, Ереване, Минске, Кишиневе, Баку, Казани, Ташкенте, Бишкеке, в Китае и Турции. Так, книга З. Ахметова «Өлең сөздің теориясы» («Теория поэтического искусства») издана в 1992 году в Синьцзян-Уйгурском автономном районе Китайской Народной Республики.

По своей актуальности и фундаментальности монографические труды и проблемные исследования З. Ахметова имеют первостепенное значение для литературоведческой науки, поскольку основополагающие идеи отражают новые выводы и обобщения автора, соответствующие современным представлениям об историко-литературном процессе, социальных, нравственных, художественных и эстетических приоритетах.

С выходом книги «Лермонтов и Абай» (1954) З. Ахметов получил широкое признание общественности как талантливый литературовед, исследователь. В книге не только глубоко осмыслены процессы творческого восприятия Абаем произведений русских классиков, особенно Лермонтова, но и впервые четко определен круг переводов Абая, устранены имевшие место неточности.

Монография З. А. Ахметова «Казахское стихосложение» (1964) является, по существу, первым и пока единственным фундаментальным научным трудом в казахском литературоведении, в котором на большом историко-теоретическом материале раскрыты закономерности казахского стихосложения и впервые разработана аргументированная научная теория казахского стиха. В ней ученый детально рассматривает ритмический строй казахского стиха, выявляя важнейшие его особенности, обусловленные структурой национального языка. Заки Ахметович прослеживает и анализирует процесс эволюции казахского стихосложения, большие изменения в строе казахского стиха, которые стали следствием новой эпохи и обусловлены переменами в культурном, интеллектуальном мире народа. Эта книга свидетельствует не только о глубоком понимании автором природы поэтического искусства, законов стиха, но и о высокопрофессиональном анализе им ритмического и фонетического строя казахского языка. В ней содержатся уникальные примеры сравнительно-сопоставительного анализа русского и казахского стиха.

В книгах «О языке казахской поэзии» (1970) и «Өлең сөздің теориясы» — «Теория поэтического искусства» (1973) — З. А. Ахметов решал задачу исследования общих особенностей и закономерностей языка казахской поэзии и проблем своеоб-

